

**Мемлекеттік меншікке жататын, орта мерзімдік кезеңдегі (2016-2018 жылдар) концессияға ұсынылатын объектілер тізбесін бекіту туралы**

*Күші жойған*

Солтүстік Қазақстан облысы мәслихатының 2016 жылғы 19 сәуірдегі N 2/4 шешімі. Солтүстік Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2016 жылғы 20 мамырда N 3758 болып тіркелді. Күші жойылды - Солтүстік Қазақстан облысы мәслихатының 2016 жылғы 20 маусымдағы N 3/6 шешімімен

**Ескерту. Күші жойылды - Солтүстік Қазақстан облысы мәслихатының 20.06.2016 N 3/6 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн өткеннен соң қолданысқа енгізіледі).**

"Концессия туралы" Қазақстан Республикасының 2006 жылғы 7 шілдедегі Заңының 1-бабының 24) тармақшасына сәйкес, Солтүстік Қазақстан облыстық мәслихат

**Ш Е Ш Т І :**

1. Мемлекеттік меншікке жататын, орта мерзімдік кезеңдегі (2016-2018 жылдар) концессияға ұсынылатын объектілер тізбесі қосымшаға сәйкес бекітілсін.

2. "Мемлекеттік меншікке жататын, орта мерзімдік кезеңдегі (2015-2017 жылдар) концессияға ұсынылатын объектілер тізімін бекіту туралы" Солтүстік Қазақстан облыстық мәслихаттың V шақырылымы XXXIX сессиясының 2015 жылғы 6 қарашадағы № 39/3 шешімінің күші жойылды деп танылсын ( Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде 2015 жылғы 13 қарашада № 3452 болып тіркелген, 2015 жылғы 17 қарашадағы "Солтүстік Қазақстан" газетінде, 2015 жылғы 17 қарашадағы "Северный Казахстан" газетінде ) жарияланған).

3. Осы шешім бірінші ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн өткеннен соң қолданысқа енгізіледі.

Солтүстік Қазақстан  
облыстық мәслихаттың А.Рафальский  
II сессиясының төрағасы  
Солтүстік Қазақстан облыстық  
мәслихаттың хатшысы В.Бубенко

## Коммуналдық меншікке жататын, орта мерзімді кезеңге (2016-2018 жылдарға) концессияға ұсынылған объектілер тізбесі

№ р /с	А т а у ы
1. Реконструкциялауы және пайдалануға беруі концессия шарттарының негізінде жүзеге асырылатын мемлекеттік меншіктің қолда бар объектілері	
2. Концессия шарты негізінде құру және пайдалануға беру жүзеге асырылатын объектілер	
1)	Солтүстік Қазақстан облысы Петропавл қаласының "Береке" шағын ауданында Московский өтпезолы бойында 140 орынға арналған балабақша салу және пайдалануға беру
2)	Солтүстік Қазақстан облысы Петропавл қаласының "Орман" шағын ауданында 140 орынға арналған балабақша салу және пайдалануға беру
3)	Солтүстік Қазақстан облысы Петропавл қаласының Юбилейная көшесі бойында 90 орынға арналған балабақша салу және пайдалануға беру
4)	Солтүстік Қазақстан облысы Петропавл қаласының қаланы жарықтандыру желісін реконструкциялау және пайдалануға беру